

ШЖҚ МКК «№ 2 Жаңаозен қалалық емханасы»

ХАТТАМА № 5

13.10.2023 жыл

Жаңаозен қаласы

Катысқандар:

- | | |
|--|--------------------|
| 18. Директор: | Танаева С.Ж. |
| 19. Директордың ішкі аудит бойынша орынбасары: | Бисембаева Д.И. |
| 20. Директордың орынбасары: | Утеглеуова С.А. |
| 21. Бас медбике: | Мирзатаева Е.С. |
| 22. Кадр болімінің басшысы: | Мусатаева К. |
| 23. Зангер: | Адилханова З.М. |
| 24. Мамандар болім маманы: | Амандақова Н. А. |
| 25. ДА Тенге аға медбике: | Балмурзаева К.О. |
| 26. Акушер-гинеколог: | Жалмухамедова А.Ж. |
| 27. Да Тенге аға медбике: | Жайлханова А.А. |
| 28. ДКК терапевт дәрігер: | Бактыбаева Р.Қ. |
| 29. № 1ЖТД болім менгерушісі: | Аргинбаева А.Ж. |
| 30. № 2ЖТД болім менгерушісі | Сидагалиева А.А. |
| 31. Эйелдер көнесі болімінің менгерушісі | Есенгалиева А. У. |
| 32. Мамандандырылған мамандар болім менгерушісі- | Мартов Ж.Ж. |
| 33. Статист дәрігер- | Сулейменов М.М. |
| 34. Бас есепші м.а.- | Сарыева Г.А. |

Күн тіртібінде: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларға енгізілген толықтарулар мен озгертулерді, шектеулер мен жаңалықтарды таныстыру мақсатында жиналыс.

Сөз сойлеген: З.Адилханова.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі –
сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен
сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілетін айтады.
Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның когам
қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын
қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар
оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады.

Яғни, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз ол жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұлғада құқықтық шеңберде іс-әрекет етуі үшін белгілі бір біліктіліктердің болуын талап етеді, олар: жемқорлықты әлеуметтік зұлым ретінде тани білуі, сыйбайлас жемқорлықпен күрес негіздерін және оның қогам өмірінің кез келген саласында деңгейін төмендету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана білуі.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет сыйбайлас жемқорлыққа қарсы сананың феномені болып табылады.

Қоғамдық сананың әртүрлі нысандары бар, олардың комегімен адамдар оларды коршаган табиғатты, қогам мен өздерін сезінеді. Моральдық (адамгершілік) саяси, құқықтық, әстетикалық, діни сана болып бөлінеді.

«Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы сана» ұғымы қоғамдық сананың барлық нысандарын камтиды. Бұл интегративті ұғым, себебі ол өзіне әртүрлі ғылым саласынан ақпаратты сініреді, әртүрлі оку пәндерінде зерделенеді және ол туралы білімді тұжырымдауда зерттелетін құбылысты түсінудің жаңа деңгейіне шығады. Осылайша, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы сана қоғамдық сананың өзге де нысандарымен тікелей өзара байланыста болады және қоғамдық санаға тән барлық қасиеттер және сипаттамаларды менгереді.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы сана – бұл адамдардың сыйбайлас жемқорлыққа әлеуметтік зұлымдық ретіндегі қатынасын білдіретін ұғымдар, теориялар, түсініктер мен сезімдердің, көзқарастар мен эмоциялардың жиынтығы.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы сана адамгершілік және адамгершілікке жат қылықты, құқықтық және құқықтық емес, заңды және заңсыздықтың шегін көрсетіп береді. Ол сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мінез- құлықты қамтамасыз ету үшін моральдық- адамгершілік, идеологиялық, құқықтық шараларды талап етеді.

Директор

5*

 С.Танаева

Сарнека Чубанов *Cul*
Доссанашевова А.Г. *Def*
Акылжанова О. *Def*
Мурзакашева Т. *Def*
Мусатеева К.С. *Def*
Акдуреуова Г. *Def*
Жанасаева Е.Т. *Def*

Денсауровна Нургалиев. - *Def.*
Азизбекова Салымбек. *Def*

Наконинов Саламан - *Def*